

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Өткен күні «18» *тамыз* 2025 жыл

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН №1 КЕҢЕС

Дайындаған: Педагог-психолог

#### Тақырыбы:

«Ерекше баланы қабылдау және оның мүмкіндіктерін дамытудағы ата-ананың ролі»

#### Мақсаты:

Ата-аналарға ерекше баланың даму ерекшеліктерін қабылдаудың маңызын түсіндіру, балаға қолдау көрсету арқылы оның әлеуетін дамыту жолдарын көрсету.

#### Мазмұны:

Баланың дүниеге келуі – әр отбасы үшін үлкен қуаныш. Алайда баланың дамуында белгілі бір ерекшеліктер анықталған кезде ата-аналарда алаңдаушылық, қорқыныш, реніш немесе болашаққа деген сенімсіздік пайда болуы мүмкін. Бұл – табиғи жағдай.

Баланың ерекшелігін қабылдау – оның дамуындағы алғашқы және маңызды қадамдардың бірі. Қабылдау дегеніміз баланың диагнозына ғана назар аудару емес, оның жеке тұлға екенін түсіну, күшті жақтарын көру және мүмкіндіктерін дамытуға ұмтылу.

Әр бала:

- Сүйіспеншілікке мұқтаж;
- Қолдауды қажет етеді;
- Өз қабілетін көрсетуге құқылы.

Ата-аналар баланы басқа балалармен салыстырмай, оның өз жетістіктеріне назар аударуы керек. Кеше орындай алмаған тапсырманы бүгін орындауы – үлкен жетістік.

Психологтар ата-аналарға:

- Баланы жиі мақтау;
- Оның жетістіктерін атап отыру;
- Қолынан келетін жұмыстарды өз бетінше орындауға мүмкіндік беру;
- Теріс бағалаудан аулақ болуды ұсынады.

Баланың өзіне деген сенімділігі ең алдымен ата-ананың көзқарасы арқылы қалыптасады.

#### Қорытынды

Баланы қабылдау – оның дамуына мүмкіндік беру. Ата-ананың сенімі мен қолдауы ерекше баланың табысты дамуының негізі болып табылады.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Өткен күні «24» қараша 2025жыл

Ата-аналарға арналған психологиялық кеңес №2

Тақырыбы:

«Ерекше баланың эмоционалдық жағдайын қолдау және отбасындағы жағымды қарым-қатынас»

**Мақсаты:**

Ата-аналарды баланың эмоционалдық қажеттіліктерін түсінуге үйрету және отбасы ішінде қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жолдарын таныстыру.

**Мазмұны:**

Баланың психикалық саулығы оның эмоционалдық жай-күйімен тікелей байланысты. Ерекше балалар көбінесе қоршаған ортадағы өзгерістерге сезімтал келеді. Олар ата-ананың көңіл күйін, қарым-қатынасын тез байқайды.

Егер отбасында:

- Ұрыс-керіс жиі болса;
- Баланы үнемі сынаса;
- Қателіктеріне ғана назар аударылса;

онда балада қорқыныш, мазасыздық және өзіне деген сенімсіздік қалыптасуы мүмкін. Керісінше, жылы қарым-қатынас орнаған отбасында бала өзін қауіпсіз сезінеді.

Ата-аналарға ұсыныстар:

1. Күн сайын балаға жылы сөз айту.
2. Баланы мұқият тыңдау.
3. Бірге ойын ойнауға уақыт бөлу.
4. Баланың эмоцияларын түсінуге тырысу.
5. Қателік жасаған кезде сабырлы түсіндіру.

Мысалы:

- «Сенің ренжігеніңді түсініп тұрмын».
- «Қиын болса да, бірге шешеміз».
- «Мен саған сенемін».

Баламен бірге өткізілген уақыт оның эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады.

**Қорытынды**

Отбасындағы мейірімділік пен түсіністік ерекше баланың эмоционалдық дамуының маңызды шарты болып табылады.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Өткен күні «10» сәуіріз 2026жыл

### Ата-аналарға арналған психологиялық кеңес №3

Тақырыбы:

«Оңалту балабақшасы мен отбасының бірлескен жұмысы – баланың табысты дамуының кепілі»

**Мақсаты:**

Ата-аналарға мамандармен серіктестіктің маңызын түсіндіру және баланың дамуындағы ортақ жұмыстың тиімділігін арттыру.

**Мазмұны:**

Ерекше білім беруді қажет ететін баланың дамуы кешенді қолдауды талап етеді. Балабақшадағы логопед, психолог, дефектолог, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы және тәрбиешілер бір бағытта жұмыс жүргізеді.

Бірақ мамандардың жұмысы үй жағдайында жалғасын тапқанда ғана жоғары нәтиже береді.

Ата-ананың міндеттері:

- Мамандардың ұсыныстарын орындау;
- Үйде дамыту ойындарын ұйымдастыру;
- Балаға өздігінен әрекет жасауға мүмкіндік беру;
- Балабақшамен тұрақты байланыста болу.

Кейде ата-аналар баланың орнына барлық жұмысты өздері орындап қояды. Бұл баланың дербестігінің қалыптасуына кедергі келтіреді.

Балаға:

- Киінуге;
- Ойыншықтарын жинауға;
- Қолын жууға;
- Қарапайым тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беру қажет.

Бұл оның өз күшіне деген сенімін арттырады.

Баланың дамуындағы ең маңызды жетістік – оның кешегі нәтижесінен бүгінгі нәтижесінің жақсы болуы.

**Қорытынды**

Балабақша мамандары мен ата-аналардың бірлескен еңбегі ғана ерекше баланың толыққанды дамуына, қоғамға бейімделуіне және болашақта өз мүмкіндігін жүзеге асыруына жағдай жасайды.